



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## • 6B02114 – Бейнелеу өнері (Графика)

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	Графика саласындағы кадырларды даярлау барысында график суретшілердің кәсібей деңгейін талаптарға сай, өнериндустриясы, өнерэкономикасы салаларында беретін сапалы өнер бағытын дамытуды қарастыру. Қазіргі заманға сай ғылыми-практикалық, шығармашылық шешімдерді кәсібей деңгейде шешу.
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ</b>	Ресми және бейресми шығармашылық салалар, сондай-ақ ғылыми бағыт, мәдениет пен өнерге байланысты шешімдерді мемлекеттік тұрғыда реттеу.

# ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

- ОН 1 - заманауи саяси-тарихи процестердің мәнін түсіну, соған бейімделу.Қазақстан моделіндегі экономикалық даму, әлеуметтік жаңғырту моделін түсіну және қазіргі кездегі Қазақстанның әлеуметтік-саяси болашағы, жаңа тарихи саяси сананы қалыптастыру;
- ОН 2 - қазіргі ғылымның философиялық, әлеуметтанулық, саясаттану, мәдениеттану және психологиялық аспектілеріне бағдарлану, Әлемдік мұра географиясын қоса алғанда, мәдениет пен өнердің әлеуетін пайдалана отырып, этникалық процестер мен мәдениеттің әлеуметтануы мен саясаттануының негізгі процестерін, сондай-ақ ұлттық сана мен тиймді мәдениетаралық коммуникация техникаларын түсіну;
- ОН 3 - коммуникацияның ауызша және жазбаша ғылыми терминологиясын, синтаксистік құрылымдарын меңгеру, әңгіме, іскерлік қарым-қатынас жүргізе білу, латын қарпіндегі қазақ жазуының жаңадан енгізілген қағидаларын меңгеру, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде көркем білім беру саласындағы маңызды мәселе бойынша пікірталасқа белсенді қатысу;
- ОН 4 - экономика және бизнес, кәсіпкерлік және көшбасшылық негіздерін, өмір қауіпсіздігі және салауатты өмір салты теориясы мен практикасын, экология және тұрақты даму заңдылықтары туралы негізгі түсініктерді меңгеру, кәсіби қызметте құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті басқару;
- ОН 5 — зерттеу және білім беру процесінің барлық субъектілерінің қызметін талдауға, шығармашылық, зерттеу және білім беру процестерін модельдеуге және оны оқыту практикасында іске асыруға,еркін ойлай алатын,рухани тәрбие беру,әлеуметтік,экономикалық өзгерістер кезінде дұрыс өмір сүруге бейімдеу
- ОН 6 - психологиялық, ғылыми, шығармашылық және педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістерін меңгеру, өнімді, гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түсіндіру үшін әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды, синтездейді, шығармашылықпен байланыстырады және оны практикада қолданады, шығармашылық және зерттеу жолдарын меңгереді;
- ОН 7— станоктық және монументалды кескіндеме саласындағы теориялық білім мен кәсіби практикалық дағдыларды көрсету, көркемдік жүйелер мен озық бейнелеу технологиялары дамуының қазіргі заманғы үрдістерін, сондай-ақ әлем мен Қазақстанның мәдени саясаты саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарды түсіну;
- ОН 8 - өз білімін өзінің көркемдік-практикалық қызметінде қолдануға қабілетті болу, сондай-ақ шығармашылықтың, әлеуметтік-маңызды аспектілерді мақсатты бағыттау, көркем туындыларды жасау процесін жүзеге асыру;
- ОН 9 - мәдениет пен өнер саласындағы өзекті ақпаратты іріктеуді, талдауды және түсіндіруді жүзеге асыруға қабілетті болу және көркемөнер-практикасында ұжымдық сараптама-талдау жасай білу;
- ОН 10 - мәдениет және өнер саласындағы өзекті ақпаратты хабарлай білу, жеке және ұжымдық көркемдік-жоба идеяларын, оларды іске асыру кезінде туындайтын проблемаларды және маман ретінде станокты, монументалды бағытта шешу жолдарын іздестіру;
- ОН 11 - әр түрлі шығармашылық формалары арқылы өмір бойы өзінің көркемдік және кәсіби шеберлігін жетілдіруге қабілетті болу, жылдам өзгеретін арт-нарыққа бейімделу мақсатында классикалық және интерактивтік форматтарды (3D принтерлер, нейронтерфейстер және басқаларға) бейімді болу;
- ОН 12 - әр түрлі профилдегі суретшілерді, ғалымдар мен басқа салалардағы мамандарды қоса алғанда, классикалық және қазіргі заманғы бағыттағы нақты шығармашылық жобаны іске асыру үшін адам ресурстарын (арт-топтарды) басқару әдістерін меңгергі үйрену;
- ОН 13 - өнер мектептерінде балаларға, графика және сабақтас пәндер саласындағы басқа да қосымша көркемдік білім беру ұйымдарында оқытушылық және оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мұражайларда, галереяларда және басқа да мәдениет мекемелерінде білім беру және ағартушылық қызметін шындау;
- ОН 14 - әр түрлі жастағы және қызмет саласындағы білім алушылардың талғамына, сұраныстарына және мүмкіндіктеріне сәйкес мәдени салада эстетикалық даму бағдарламасын әзірлеуге және оны сауатты іске асыруға мүмкіндік жасау.